



Аудан айнасына 60 жыл

ТАҒЗЫМ

МЕРЕКЕЛІК ЖИЫН

ЕРЕН ЕРЛІК – ЕЛ ЕСІНДЕ

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ



Тәуелсіздік тарихын таразылайтын болсақ, Қазақстан Қарулы күштерінің мән-маңызы баршамыз үшін айрықша. Бұл ретте, Отан қорғаушы күні – ел қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратын мереке. Ел тыныштығы мен тәуелсіздігін күзеткен, Отан алдындағы қасиетті борышын абыроймен атқарып жүрген азаматтарға көрсетілер зор құрметтің белгісі. Бүгінде Қарулы күштеріміз – мемлекетіміздің беріктігі мен қауіпсіздігінің кепілі.

→ 2

Ұлы Жеңіс – халқымыздың отансүйгіштігі мен жауынгерлік рухының айқын көрінісі. Дегенмен қаһарлы күндер соғыстың тек қасірет әкелетінін көрсетті. Бейбітшіліктің баға жетпес байлық екенін ұғындырды. Біз елдік үшін күрескен батыр бабаларды ұлықтаймыз. Отан қорғау жолында опат болған боздақтарға тағзым етеміз. Аға буынның өшпес ерлігі – ұрпаққа ұлағат. Отаншылдығы мен жанқиярлығы – үлгі-өнеге.

бұл күннің мәні арта түсуде.

Ұлы Отан соғысы жылдары ауданнан Отанды қорғауға 6324 адам аттанып, соғыс даласында 2616 адам қаза тапқан. 1500 адам елге оралған, қалғаны хабарсыз кеткен.

Осы мерекелі күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық және тұрақтылық тілеймін. Елімізде бейбітшілік пен қоғамдық келісім нығая берсін. Тәуелсіздігіміздің тұғыры берік болсын, – деді Ерлан Қыдыралыұлы.

Қазіргі таңда арамызда жүрген тыл ардагерлеріне сый-құрмет көрсету, олардың еңбегін әрдайым жоғары бағалау, Ұлы Отан соғысында қаза тапқан жауынгерлердің рухына тағзым ету, ерен ерлігін еске алу – баршамыздың азаматтық міндетіміз. Өйткені, ұлы Жеңіс – халықтың бірлігі мен табандылығының нәтижесі. Бүгінгі бейбіт өмір – аға буынның жанқиярлық еңбегінің жемісі. Жеңіс күніне арналған іс-шарадан түйген ой осы.

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Ұлы Жеңіс күніне арналған «Белгісіз солдат» ескерткішіне гүл кою рәсімі сөзімізді салмақтай түсті. Аудан ардагерлері мен аудандағы мекеме-ұйым қызметкерлері қатысқан жиында есіл ерлердің ерлігі ел есінде жаңғырды. Әуелі аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы бастаған топ «Белгісіз солдат» ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ардагерлердің рухына тағзым етті.

Жиналған қауым Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алды.

Жиында өңір басшысы Жеңіс күні турасында салмақты сөз сабақтады.

– Жеңіс күні – ұлт рухын асқақтатып, халыққа тағылым мен тәлім беретін қастерлі күн. Майдангерлер мен тыл еңбеккерлерінің жанқиярлық еңбегін еске алып, олардың Отан алдындағы қызметіне құрмет көрсетудің белгісі болып табылады. 81 жылдан бері бұл мереке ерлік пен елдіктің, батырлық пен отансүйгіштіктің нышанына айналды. Уақыт өткен сайын



ӨЗЕН ЖАҒАСЫ ТАЗАРТЫЛДЫ

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Осы орайда «Amanat» партиясы аудандық филиалының ұйымдастыруымен Аса өзенінің жағасында «Таза бейсенбі» экологиялық акциясы өтті. Игілікті іске қатысушылар өзен жағасын тұрмыстық қалдықтардан тазалап, қоршаған ортаны тазартуға өз үлестерін қосты.

Акцияның басты мақсаты – табиғатты аялау, тазалықты сақтау және экологиялық мәдениетті қалыптастыру.

Партия аудандық филиалының төрағасы Талап Әбдібеков мұндай игі бастамалардың жыл бойы жалғасатынын атап өтіп, тұрғындарды қоршаған ортаны таза ұстауға шақырды.

Шараға белсенді жастар, еріктілер және аудан тұрғындары қатысып, ортақ іске жұмыла кірісті. Туған жерге деген жанашырлықты нығайта түскен жастар бұл күні 3 тоннаға жуық коқысты жүк көлігіне тиеп, шығарды.



«Ауылына қарап азаматын таны» деген аталы сөз бүгінгі қоғамда ерекше маңызға ие. Айналаның таза әрі көрікті болуы тек сыртқы әсемдік қана емес, ол адам жанының да нұрлануына әсер етеді.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Мемлекет басшысының «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес 2026 жылдың 21 мамырында Жамбыл ауданының әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Жамбыл, Айшабиі ауылдық округтерінің тұрғындарымен кездесу өткізеді.

Ш.Ниязбеков ауылы, Ә.Ысмайыұлы атындағы орта мектеп, сағат 10.00.

Айшабиі ауылы, ауылдық мәдениет үйі, сағат 11.30. Өзгерістер болған жағдайда қосымша хабарланады.

ЖАЗЫЛЫМ-2026

Жамбыл аудандық «Шұғыла-Радуга» газетіне «Қазпошта» АҚ және редакция арқылы 2026 жылдың екінші жартыжылына жазылу мерзімін жазыңыз

KAZPOST

6 айға – 3763,50 теңге

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 2700 теңге

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ: 2-17-98, 8 747 659 42 68

ҚҰРМЕТ

ТЫЛ АРДАГЕРІНЕ ҚҰРМЕТ КӨРСЕТИЛДІ



Ардагерлерімізді құрметтеу – баршамыздың парасатты парымыз. Бүгінгі бақытты өмірге жеткеніміздің өзі – сол аға буынның арқасы. Майдан мен тылдың біртұтас қимыл-әрекеті Ұлы Жеңісті әкелді. Тылдағы еңбек болмаса, майданда жеңіс те болмас еді.

Ұлы Жеңіс күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы Рахат ауылының қариясы, тыл ардагері, 91 жастағы Бейсенбек Асқаровтың үйіне арнайы барды. Ақсақалды айтулы мерекемен құттықтап, емен-жарқын әңгімелесіп, сый-сияпатын тарту етті.

– Ұлы Жеңіс оңайшылықпен

келген жоқ. Ержүрек батырларымыздың жанқиярлық еңбегі мен ерлігі, парызға адалдығы мен антқа беріктігі Жеңіс күнін жақындатты. Сұрапыл соғыс кезінде теңдессіз батырлық пен батылдык көрсеткен ардагер ағаларымызды әрдайым орасан зор құрметпен еске аламыз. Өйткені, олар ерлік

пен қаһармандықтың ең жоғарғы үлгісін көрсетті.

Тылда еңбек етіп, ұлы Жеңіске үлес қосқан өзіңіздей ардагерлерге құрмет көрсету – азаматтық міндетіміз. Аға ұрпақтың ерлігі өшпес тарих. Сондықтанда соғыс ардагерлерінің өмірі мен бейбіт күндегі еңбегі, тыл еңбеккерлерінің майданды азық-түлікпен, киім-кешекпен қамтамасыз етудегі елеулі еңбектері тарих бетіне алтын әріппен жазылды. Жас ұрпақ әрдайым сіздерге қарап бой түзейді. Отанын қорғауды, оны қалтқысыз сүйюді үйренеді. Өмірдің ыстық-суығына төзіп, талай сыннан сүрінбей өткен өзіңіздей тыл еңбеккерлеріне деген құрметіміз ешуақытта толастамайды, – деген өңір басшысы қарияның иығына зерлі шапан, оның 85 жастағы жұбайы Пернайым Айтбаеваға ақ орамал жапты.

Өз кезегінде тыл ардагері аудан әкіміне елеп-ескеріп, сый-құрмет көрсеткені үшін ризашылығын білдіріп, батасын берді.

Ильяс ҚАЛЫБЕКҰЛЫ

Соңы. Басы 1-бетте

ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Ел тәуелсіздігі мен жер тұтастығын, тыныштығымыз бен бейбіт тірлігімізді қырағы күзетіп тұрған, халқымызға қорған болған ұлттық әскеріміздің айбыны жыл өткен сайын арта түспек. Олар күнделікті Отанымыздың қорғаныс қабілетін нығайтуға, халық игілігі мен бейбітшілікті қорғауға лайықты үлесін қосуда. Сәйкесінше оларға деген құрмет те ерекше болуы тиіс.

Отан қорғаушы күніне арналған «Мақтанышым Отаным!» атты салтанатты жиында өңірдегі әскери қызметкерлерге құрмет көрсетілді. Әуелі «Ұлттық Ұлан» әскери бөлімше оркестрінің сүйемелдеуімен мемлекеттік Әнұранымыз орындалды.

Келесі кезекте аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы сахнаға көтеріліп, Отан қорғаушыларды мерекесімен құттықтап, ізгі тілегін арнады.

– Биыл елімізде жаңа Конституция қабылданғаны баршаныңға белгілі. Ата заңда мемлекеттің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығын және ұлттық қауіпсіздігін қорғау – мемлекет пен әрбір азаматтың басты міндеті ретінде айқындалды. Мемлекет басшысы, Қарулы Күштердің



Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Конституция талаптарына сәйкес әскердің даму перспективаларын нақтылап, Қарулы Күштердің қорғаныс әлеуетін күшейтуге бағытталған стратегиялық міндеттерді белгіледі.

Отанға қызмет ету жоғары жауапкершілік пен үлкен абыройдың белгісі болып саналса, қорғаныс саласында кәсіби дайындығы бар аудандық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімде 18 қызметкер, аудандық полиция бөлімінде 106 сакшы,

төтенше жағдайлар бөлімінде 35 құтқарушы ел тыныштығы жолында қызмет етуде. Заманауи және қуатты әскерге айналған Қазақстан Қарулы Күштері қатарына былтыр ауданымыздан 216 азамат аттанды. Биыл да өңірімізден әскер қатарын 72 шақырылушы толықтырды.

Отан қорғау – әрбір азаматтың қасиетті парызы. Еліміздің бейбіт аспаны мен халқымыздың амандығы үшін қызмет етіп жүрген барша әскерилер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне алғысымыз шексіз, – деді өңір басшысы өз сөзінде.

Салтанатты жиында әскери қызметкерлер Пірімжан Әлиев, Сактаған Әбілқайыров, Қуанышбек Тазабеков,

Сәрсен Қыдырбаев, Нұрлан Сәрсенбаев, Жақсылық Исламов аудан әкімінің Құрмет грамотасымен, Самғат Рысқұлбеков, Еркебұлан Шуланбаев, Мадимар Құлдыбаев, Әлішер Төлбаев, Біржан Бакиров, Үйс Сайлаубек аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Айтулы шара аудандық мәдениет үйі өнерпаздарының мерекелік концерттік бағдарламасымен түйінделді.

МАМАН СӨЗ АЛАДЫ

Қылмыстық жаза ретінде тағайындалатын айыппұл – заң алдында жауапкершілікті сезіндіретін маңызды тетіктердің бірі. Дегенмен, кейбір азаматтар сот үкімі заңды күшіне енгеннен кейін белгіленген мерзімде айыппұлды төлеуге немқұрайлы қарап жатады. Мұндай жағдайда заң талаптары қатаң түрде қолданылады.

АЙЫППҰЛДЫ ТӨЛЕУ – БОРЫШКЕРДІҢ МІНДЕТІ

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 41-бабының 6-бөлігіне сәйкес сот үкімімен тағайындалған айыппұл белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда ол мәжбүрлеп орындатуға жатады. Яғни, борышкер айыппұлды өз еркімен өтемеген жағдайда атқарушылық іс жүргізу басталып, сот орындаушылары арқылы өндіріп алу шаралары жүргізіледі.

Сонымен қатар, заң талаптарына сәйкес айыппұлды төлеу мүмкін болмаған немесе борышкер оны төлеуден жалтарған жағдайда, бұл жаза неғұрлым қатаң жаза түріне ауыстырылуы мүмкін. Мұндай шаралар сотталған азаматтардың жауапкершілігін арттыруға және сот шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының түсіндірме хатына сәйкес қылмыстық істер бойынша сотталған тұлғаларға айыппұл жазасы тағайындалғаннан кейін және үкім заңды күшіне енген соң, айыппұлды өз еркімен төлеуге бір ай мерзім беріледі. Бұл мерзім азаматтың сот шешімін ешқандай

мәжбүрлеусіз орындауына мүмкіндік береді.

Сондай-ақ сот атқару құжатын шығару барысында борышкерге айыппұлды ерікті түрде төлеу үшін бір ай мерзім берілетіні міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Егер борышкер осы мерзім ішінде айыппұлды толық өтесе, онда ол сот орындаушысының атқарушылық әрекеттеріне байланысты шығындарын төлеуден босатылады. Бұл – азаматтарға заң талаптарын уақытылы орындауға берілген мүмкіндік әрі жеңілдік.

Айта кету керек, айыппұлды уақытында төлеу борышкер үшін қосымша қиындықтарға әкелуі мүмкін. Сондықтан әрбір азамат сот шешіміне жауапкершілікпен қарап, белгіленген міндеттемелерді уақтылы орындауы қажет.

Заң талаптарын сақтау – қоғамдағы тәртіп пен әділдіктің кепілі. Ал сот шешімдерін дер кезінде орындау азаматтың құқықтық мәдениетінің көрсеткіші болып табылады.

Талғат ИЗТЕЛИЕВ,
Жамбыл аудандық сот
әкімшісінің жетекші маманы.

НА ТЕМУ ДНЯ

КАКИМИ ПРАВАМИ ОБЛАДАЕТ ПОТРЕБИТЕЛЬ?

В повседневной жизни каждый из нас является потребителем – физическим лицом, имеющим намерение заказать или приобрести товар (работу, услугу) для удовлетворения своих потребностей.

Закон Республики Казахстан от 4 мая 2010 года №274-IV «О защите прав потребителей» определяет правовые, экономические и социальные основы защиты прав потребителей, а также меры по обеспечению потребителей безопасными и качественными товарами (работами, услугами).

Потребитель, которому продан товар ненадлежащего качества, если его недостатки не были оговорены продавцом, вправе по своему выбору потребовать:

- соразмерного уменьшения покупной цены;
- безвозмездного устранения недостатков товара;
- возмещение своих расходов на устранение недостатков товара;
- замены на товар аналогичной марки (модели, артикула);
- замены на такой же товар другой марки (модели, артикула) с соответствующим перерасчетом покупной цены.

Потребитель должен помнить, что при покупке товара (работы, услуги) необходимо требовать документ, подтверждающий факт покупки товара (товарный чек). Этот документ, при необходимости, потребует при возврате товара (работы, услуги). В случае, если товарный чек был утерян или по каким-либо причинам не выдан потребителю, то обмен или возврат товара может быть произведен, если потребитель докажет факт покупки (свидетельские показания) у данного продавца (изготовителя).

Итак, если вы обнаружили недостатки в товаре (работе, услуге), необходимо:

- вернуться на место приобретения товара;
- потребовать обменять товар, вернуть деньги за покупку, сделать ремонт по гарантии (в зависимости от товара);
- при отказе продавца от выполнения ваших требований необходимо обратиться с устной жалобой к руководителю организации;
- если руководителем организации ваши требования не будут выполнены, вы вправе предъявить официальную письменную досудебную претензию;
- если вам не ответили в течение 10 календарных дней, вы вправе обратиться в Департамент торговли и защиты прав потребителей для привлечения предпринимателя к административной ответственности.

Доводим до сведения потребителей, что Департамент рассматривает обращения потребителей, поступающие через системы: E-otinish, E-gov, Telegram bot и другие способы связи.

Консультацию по вопросам защиты прав потребителей можно получить по телефону: 8-7262-54-21-69.

Татьяна ФЕДОСОВА,
главный специалист
Департамента торговли и
защиты прав потребителей
Жамбылской области.



Тәжірибе берген өмір мектебім

Бисмилләһ деп естелік ой-толғауды бастайын. Ұзын бойлы талдардың қоңыр сары жапырақтарымен көмкерілген алаңқайдың аржағында ағарып көрінген ғимаратқа аяқ басқанымда дәліз сондай ұзын әрі қараңғы болып көрінген еді. Мүмкін сырттағы күн шуағынан кейінгі көз жанарының әсері шығар. Қолымда көк сиямен жазылған ақ парақтарым бар. Басында ақ орамалы бар ұзын бойлы апай мен іздеген кабинетке қарай жол сілтеді. Сұр түсті костюм киген кішкене бойлы қара торы ағайға қағаздарымды табыстадым. Дауысы жәй ғана шығатын, бет сүйегі шағын әрі әжім торлаған жүзінде көздері үлкен болып көрінетін кісі екен.

Газет бетінде «Тікен ексең, жүзім шықпайды» деген тақырыптағы мақалам жарық көргенде қатты қуанғаным есімде қалыпты. Бұдан кейін де жарық көрген жазбаларым болды. Бұл шамамен 2004-2007 жылдар аралығы еді.

Бірде анам бір көшеде тұратын және ініммен бірге спортшылар интернатына баратын баласы бар әпкемен әңгімелесіп қалып, редакцияға тілші-аудармашы керектігін айтқан екен. Осылайша мен 2009 жылы аудандық газет редакциясына жұмысқа қабылдандым.



Алғашқы екі ай газет талабына сай қысқа-нұсқа ақпарат жазуды үйреніп жүрдім. Бір қарағанда азғантай сөйлемнің басын құрай салу оңай көрінгенмен әрбір еңбек уақыт пен төзімді талап ететінін кейін ұқтым. Осы тұста төзімділікпен, түсіністікпен, әкелік мейіріммен қараған жауапты хатшы Лесбек ағай, маған ұстаз болған тілші Дүйсен ағай ардақты жандар ретінде есімде қалыпты.

Бас редактор Сансызбай Бертайұлы жас мамандардың білімді, талапшыл болуын мақұлдайтын әрі оларға қамқор болатын, «журналист этикасы», «журналистер ұстаханасы»

түсінігінің құндылығын жас тілшілерге үйретуде аянбай еңбектенген қадірлі жан иесі деп білемін. Мені жұмысқа шақырған Алма әпкемен де таныса келе ол кісінің ақкөңіл, адамға жанашыр, жомарт жан екенін көрдім. Ал Гүлжан, Роза әпкейлер өте сауатты мамандар ретінде есте сақталыпты. Байтанағали ағай көлемді мақалалар жазатын еді. Өлеңдер жинағы жарық көргені есімде. Уәсила әпкей орыс тілінің білгір маманы болатын. Ғалия әпке дизайнер маманы ретінде көптеген мамандарды даярлауға үлес қосқан жан.

Әр ұжымның қоғамға

қосар үлесі, құнды орны бар. Солардың ішінде мен үшін мәдениет пен әдебиет ордасы болған «Шұғыла-Радуга» газеті ұжымының жөні бөлек. Қасиетті қарашанырақ – тәжірибе берген өмір мектебім. Осында қызмет еткендердің барлығы аудан газетінің сапалы әрі уақытында жарық көруі үшін еңбектенген жандар.

«Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында жұмыс істеген жылдарда ойымды қағазға жазып алуды және әртүрлі ақпарат көздерінен алған мәліметтерді салыстыруды үйрендім. Кейін осы дағдылар маған Ислам дінін оқып-тануда, Құран әліппесінің

сауат ашу курстарында білім алуыма көп пайдасы тиді.

«Алла бұйырса, биыл газетімізге 60 жыл толмақ» деп мен редакцияда жұмыс істеген кейінгі жылдары бас редактордың орынбасары қызметін атқарған Нұрасыл Сұлтанбаев хабарласқан кезде, туған ауылым Асада өмір сүргенім, аудан тіршілігін жазатын редакция тілшісі болғаным есіме түсті.

Өмір деген өте қысқа және тез өтетін уақыт екені анық. Мен танитын ардақты жандардың біразы қазір бұл дүниеде жоқ. Алла тағала шексіз рақым мен теңдессіз жомарттық иесі, оларға Фердаус жәннаттын, мәңгілік бақытты нәсіп етсін деп тілеймін.

Өзім жайлы айтар болсам, жас кезден мені мазалаған «өмірдің мәні неде» деген сұраққа шын жауапты Ислам дінінен тауып, жүрегім тынышталды. Барлық сұраққа жауап іздеп уақыт жоғалтпау керек екен. Құран Кәрімде: «Расында салмағы шаңның тозаңындай жақсылық жасасаң – өзіңе пайда, шаңның тозаңындай жамандық жасасаң – өзіңе зиян» деген аят бар. Бұл адам өмірінің негізгі заңдылығы екеніне көз жеткіздім.

Аудан орталығында орналасқан редакция ұжымында бұрын-соңды қызмет еткен барлық жандарға және олардың отбасыларына бейбітшілік пен береке тілеймін. Аудандық газеттің жұмысы жалғаса берсін, оқырманы көп болсын!

Күзипа СИТАЛИЕВА,
«Шұғыла-Радуга» газетінің
2009-2011, 2017-2019 жылдар
аралығындағы тілшісі.

БІР КЕМ ДҮНИЕ

МІНСІЗДІКТІ ІЗДЕУ МЕ, АДАСУ МА?

Адам баласы жаратылысынан толықтықты, кемелдікті аңсайды. Бірақ өмірдің өз заңдылығы бар. Ол – ешқашан мінсіз болмайтын құбылыс. Қанша тырыссақ та, бір нәрсе жетіспей тұрады. Осы тұрғыдан алғанда «бір кем дүние» ұғымы терең философиялық шындық десек те болады.

Аружан КҮНТУБАЙ



Қазақ дүниетанымында бұл ой айрықша көрініс табады. Ұлы ойшыл, ақын Абай Құнанбайұлы өзінің «толық адам» ілімінде адам баласының өмір бойы кемелденуге ұмтылатынын айтады. Алайда бұл үздіксіз жүретін рухани сапар іспетті. Абайдың қара сөздерінде «адам бол» деген үндеу жиі қайталанатын. Бұл жерде «мінсіз бол» емес, «ізден, түзел, дамы» деген мағына жатыр. Демек, Абай үшін мінсіздік болу мақсат емес, ұмтылыс – басты құндылық.

Осы ойды қазақтың тағы бір ойшылы Шәкәрім Құдайбердіұлы жалғастырады. Ол «ар-ұждан» ұғымын адамның ең биік өлшемі ретінде қарастырады. Шәкәрімнің

пайымынша, адамды мінсіз ететін ішкі тазалық пен адалдық. Яғни, адам кемшіліксіз болмайды, бірақ арлы бола алады. Бұл – «бір кем дүниеде» өмір сүре отырып, өз қадірінді жоғалтпаудың жолы. Ал бұл мәселе тек қазақ ойшылдарына ғана тән емес. Ежелгі грек философы Аристотель де адам өмірінің мәнін «алтын орта» қағидасымен түсіндіреді. Оның пікірінше, шектен шығу қателікке апарды. Ал ол шынайы даналық тепе-теңдікте жатыр. Мінсіздікке ұмтылу көбіне шектен шығуға әкелуі мүмкін. Бұл тұрқырым Абай мен Шәкәрім ойларымен үндесіп жатыр: адам толық болмайды, бірақ үйлесімді болуға ұмтылуы тиіс.

Бүгінгі қоғамда бұл мәселе бұрынғыдан да өзекті. Элеуметтік желілерде «мінсіз өмірдің» жасанды бейнесі

кең таралған. Әркім өз өмірін өзгемен салыстырып, өзіне көңілі толмай жатады. Осындай сәтте бразилиялық жазушы Пауло Коэльо айтқан ой еске түседі: «Адам өз жолын тапқанда ғана бақытты». Оның шығармаларында кейіпкерлер мінсіз болуға емес, өз жүрегін тындауға үйретеді.

«Бір кем дүние» қағидасы – өмірдің табиғи қалпы. Абай айтқандай, адам үнемі өзін жетілдіруі керек, бірақ мінсіз боламын деп адаспауы тиіс. Шәкәрім көрсеткендей, бастысы – ар мен адалдық. Аристотель үйреткендей, тепе-теңдік сақталуы қажет. Ал бүгінгі өмір бізге бір шындықты дәлелдеп отыр. Бақыт – мінсіздікте емес, барды бағалап, өз жолыңды табуда. Өмірдің бір кемдігі – оны қабылдай алмауда. Алайда бұл ойды тек философиялық деңгейде қалдыру жеткіліксіз. Оны күнделікті өмірмен байланыстыра білу – бүгінгі оқырман үшін аса маңызды. Қарапайым мысалға жүгінсек, қазіргі таңда адамдардың көпшілігі жетістікке жетуді тек материалдық өлшеммен

бағалайды. Үлкен үй, қымбат көлік, жоғары қызмет сырт көзге бәрі бар сияқты көрінеді. Бірақ осының бәрінің ортасында жүріп, ішкі тыныштығын таба алмай жүрген жандар аз емес. Бұл да – «бір кем дүниенің» бір көрінісі.

Кейде адам өз өміріндегі бар игілікті байқамай, жоққа назар аударып кетеді. Ал шын мәнінде, бақыт – сыртқы толықтықта емес, ішкі қанағатта. Қазақ халқының «барға шүкір, жоққа сабыр» деген қағидасы дәл осы тұста өзекті бола түседі. Бұл – ғасырлар сүзгісінен өткен өмірлік ұстаным. Сондай-ақ, мінсіздікке ұмтылу кей жағдайда адамның өзін-өзі қабылдай алмауына алып келеді. Әсіресе жастар арасында «өзім жеткіліксізбін» деген ішкі сенімсіздік жиі кездеседі. Бұл – қоғам қалыптастырған жалған стандарттардың салдары. Шын мәнінде, әр адамның өз жолы, өз өлшемі бар. Оны өзгенің таразысымен өлшеу – адасудың бір түрі. Осы ретте адамның өз-өзімен үйлесім табуы ең үлкен жетістік екенін атап өткен жөн. Ішкі тыныштық, ар алдындағы

тазалық, қарапайым қуаныштарды сезіне білу – міне, нағыз толықтық осы. Ал мінсіздік – қол жетпейтін елес қана.

Газет оқырманы үшін ең маңызды түйін мынадай: өмірдің «бір кемдігі» – оның әлсіздігі емес, керісінше, оның шынайылығы. Егер өмір мінсіз болғанда, адам дамымас, ізденбес, ойланбас еді. Сондықтан да адам баласына мінсіз өмір емес, мағыналы өмір керек. Ал мағыналы өмір – барды бағалай білуден, өз орныңды табудан, сонымен қатар адамдық қасиетті жоғалтпаудан басталады.

Жоғарылап бара жатқан адамның етегінен тартып, кедергі жасайтындар, көре алмайтындар алдымен өз ағайының емес пе? «Өз жұртың – күншіл, қайын жұртың – сыншыл. Шын жанашыр – нағашы жұртың» дейді. Кім біледі, рас шығар. Бұл ойлар Шерхан Мұртазаның «Бір кем дүние» шығармасындағы өмір шындығын тағы бір қырынан ашып көрсетеді. Барды бағалап, өз орнымызды тауып, адамдық қалпымызды сақтай білсек – өмірдің мәні де, сәні де осында.

ҒАЛЫМ ҚАПАШ ТАСБОЛАТУЛЫНЫҢ ТУҒАНЫНА – 100 ЖЫЛ

Ұстазға тағзым



Исмаил ХАДЖИМУРАТ,
Қазақстан Республи-
касының Қоғам қайрат-
кері төсбелгісінің иегері.

Аса мектеп-интернатының директоры – Қапаш Тасболатов. Жүзінен әрдайым мейірім төгіліп тұратын Қапаш ағайға оқушылар тез бауыр басып кетті. Қапаш ағай бізге қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Ол кісінің сабағын бәріміз сүйіп тыңдайтын едік. Оқушы санасына сабақты әдемі өрнектермен, мақал-мәтелдермен керемет жеткізетін. Біз сабақ соңында ағайдан әдебиеттен қосымша сабақ өтуін сұрайтынбыз.

Қапаш ағай сабақтан бөлек тәрбие жұмысына, балалар денсаулығына, біліміне, киіміне, бой тазалығына өте қатты көңіл бөлетін. Ағайдың өзін ұстауы, қарапайымдылығы, әрбір оқушының жүрегіне жол табуы – біз үшін ұмытылмас сәттер.

Қапаш ағай балалар қандай бұзықтық жасап жатса да, дауыс көтеріп сөйлеген емес. Жыл сайын көктем мезгілінде ағай өзі бастап бізбен бірге жаяу Аса-Бірлесу-Еңбек арқылы Бурыл тауына қызғалдақ теруге саяхатқа апаратын.

Асханада көктемде, күзде өзі бақылап, бір ас қасық балық майын ішуімізді қадағалайтын. Оның пайдалы екенін біз білеміз бе?! Ішкіміз келмей қиғалақ салатын едік. Ал ағай ондай кезде қатал қарайтын.

Моншаға түсу, шаш алу, таза киініп жүруге жете мән беретін. 3-4 класта ағай қол машинкамен бәріміздің өсіп кеткен шашымызды алғаны әлі есімде.

Жыл сайын оқу жылы аяқталғанда соңғы қоныраудан кейін қазіргі мәдениет үйі орнында (ол кезде бос алаң еді) міндетті түрде кешке алау от (костёр) жағып, айнала ән айтып, би билеп, түрлі ойындар ойнайтынбыз. Соның бәрінің басында ағайымыз жүретін. Кей күндері кешкі уақытта ағайды айнала қоршап аламыз. Сол кезде ағай «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы – Майқы би» деп қызықты әңгіме қозғайтын. Біз қызыға тыңдайтынбыз. Мектеп-интернатта үш қазақ, үш орыс класы болып ашылғандықтан,

Өткенге көз жүгірту үлкен сағыныштан тұрады екен. Балалықтың бал шағына қайта оралғандай күй кешесің. Әрбір саналы адам білім нәрін ұстаздан алады.

Біз 1962-1963 оқу жылында үшжылдық орыс-қазақ Аса мектеп-интернаты болып ашылған білім ордасының 3 «а» класына 35 оқушы қабылдандық. Облыстың түкпір-түкпірінен келген оқушылар көпбалалы, жағдайы төмен отбасылардың, малшылардың ұл-қыздары еді. Алғаш бір-біріне жатырқап қараған олар арада уақыт өте бір үйдің баласындай тіл табысып араласып кеттік.

ұлттық мәселеге де өте сак қарайтын. Бізге «орыс тілін біліңдер, ол сендердің болашақтарың, ал ана тілді сүйіңдер» деп қазақтың ақиық ақыны Қадыр Мырзалиевтің:

«Ана тілің – арың бұл,
Ұятың боп тұр бетте.
Басқа тілдің бәрін біл,
Өз тіліңді құрметте», – деген өлең жолдарын оқитын.

Қапаш ағайдың ең ұтымды еңбегі – мектепке ең озық ұстаздарды топтастыруы.

Білікті ресейлік ұстаздарды көшіріп әкеліп, үймен қамтамасыз етті. Атап айтқанда, завуч Семиренко Лидия Петровна, неміс тілі маманы Роза Алиева, Надежда Миронова, Анатолий Климов, Георгий Харлампиди өзге ұлттан болса, жергілікті Лутфулла Дүзеев, Тұрғанбай Семізтаев, Жандар Кәрібаев (кейін Парламент сенаторы болды), Нәфиса Алдаева, Сейфолла Сапарбаев есімді ұстаздарымыздың ерен еңбегі біздің жүрегімізде, жадымызда мәңгілік сақталып қалды. Ұстаздан алған ұлағат ер жетіп, оң-солымызды танығанда қатты сезіліп тұрды.

Қапаш ағайдың біліктілігі мен тапқырлығының арқасында 1966 жылы ауданда басқа мектептерде болмаған лингафон кабинеті ашылып, оның іші Индиядан әкелінген құралдармен жабдықталды. Сонымен қатар химия мен физика сабақтарын өтуге лабораторияға керекті құрал-жабдықтар мен химикаттар біз үшін тәжірибе жұмыстарын жүргізуге өте қолайлы болды.

Қапаш ағай бастаған ұстаздар бізге сапалы тәрбие, саналы ой, терең білім беріп, еңбексүйіштік пен адалдықтың дәнін бойымызға сіңіре алды. Олар ұстаздық қызметтерін адал атқарды, сонымен бірге әкелік қамқорлығы мен аналық мейірімін сыйлады. Түнде бала қараушы болып жұмыс атқарған директорымыздың жұбайы Бибіайша Разақова және Оля Қорабаева, Дәмелі Татаева апайлар жылы сөздерімен тәрбиеледі. Олардың барлығы интернат қабырғасында балалықпен жасаған бұзықшылық пен тентектік мінезге шыдады, төзді, тәрбиеледі, керекті кезде еркелете білді.

Біз Аса мектеп-интернатының алғашқы үлкен класы болып аттағанда мектеп айналасында тал жаңа, құрылыс қалдықтары мен айнала тасты алаң еді. Қапаш ағай мен

класс жетекшіміз Лутфулла ағайдың бастауымен интернат айналасына ағаш көшеттерін ектік (қазіргі өсіп тұрған талдар біздің балалық шағымыздан қалған ескерткіштер). Футбол, волейбол, баскетбол алаңдарын жасадық, «Белгісіз солдат» ескерткішін, субұрқак (фонтан) орнаттық, арматураны иіп тунель жасап, футбол алаңына дейін жүзім отырғыздық.

Жыл сайын Қапаш ағайдың тәлімімен аулаға қызанақ, қияр ектік. Өнімін директор ағай күзде жинап, интернат асханасында балаларға беретін. Біз осылай өз еңбегіміздің дәмін таттық.

Мектеп-интернат бізге ата-ананың қанатын паналай бермей, жеке-дара шешім қабылдауды, өмір сүруді, еңбек етуді, біліммен қарулануды, Отанды сүюді, ата-ананы сыйлауды, ізгілікті, тазалықты, адалдықты үйретті.

Біз Қапаш ағай бастаған ұстаздар еңбегінің үдесінен шықтық деп ойлаймын. Олай дейтінім, кластағы 35 оқушының 28-і жоғары оқу орнын, 4-еуі техникум бітірсе, 3 оқушы жұмысшы мамандығын таңдады, бірде-бірі заң алдында тәртіп бұзып жауапты болмады.

Осы білім ордасынан үлкен қызмет атқарған тұлғалы азаматтар шықты. Талғат Әжібаев – ғылым кандидаты, Жаңа Жамбыл фосфор зауытының бас директоры, Аман Абдраманов – Алматы қаласында аудан әкімі, Жаңабек Жұмаділов – Жамбыл облысының тәуелсіз эксперт мекемесінің директоры, Гүлжан Қонақбаева мен Дина Тұрахметова – шет тілдер мамандары, Тұрсынқұл Сәрсенбаева, Мария Әбдірайымова, Жібек Орманова – математика саласының мамандары, Асылбек Әзізбеков – прораб-инженер, Құттыбай Бейсембаев – инженер-механик, Жарылқасын Смайылов – ішкі істер министрлігінің маманы қызметтерін атқарды. Басқа оқушылар да экономист-бухгалтер, медицина мамандықтарын игерді.

Қазіргі кезде кешегі интернат түлектері ұл-қыз өсіріп, немере сүйіп отырған құрметті әке-ана, ардақты аға-әже.

Осылай жетілуімізге өлшеусіз үлес қосқан қадірлі тәрбиешілеріміз бен ұстаздарымыздың, ізгілікті бойымызға дарытқан директорларымыз Қапаш Тасболатұлының рухына тағзым етеміз. Оларды мақтан тұтамыз.

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР

Мәдениет пен өнер – ұлт діңгегі. Қазақ халқының өнері мен мәдениетін біз ғасырлар қойнауынан жеткен ұлы мұра, ұлттық болмыстың айнасы деп білеміз. Елдің рухани дүниесін, тарихын, өмір салтын, дүниетанымын бейнелейтін құнды қазынамыз қастерлеуге тиіспіз. Өйткені мәдениет пен өнер – бұл біздің тамырымыз, өткеніміз бен болашағымызды байланыстыратын алтын көпір.

Сала ардагерлері – әрдайым сапта

Мақсат ЖҰМАБАЕВ



Бүгінде ұлы жырау Жамбылдың атын алған ауданымызда 38 мәдениет нысаны халыққа қызмет көрсетеді. Ондағы қызметкерлер рухани еңбек иелері болып табылады. Киелі мекенімізден талай тарлан шыққан. Өнердің көсегесін көгертіп, өрісін ашқан, туындылары «Алтын қорға» енген көрнекті композитор Әшір Молдағайынов, майдангер Күйші Тұраш Әбуов, қоғам қайраткері, киноактер Тұңғышбай Жаманқұлов, ойшыл акын Серік Күзербәев, Ақан Сыдықов, Зейнеп Қалданова, айтыскер ақындар Айтмұханбет Исаков пен Ахметжан Өзбеков және олардың ізін жалғаған өнер иелері – жергілікті жұртшылықтың мақтаныштары.

Қазір де рухани-мәдени қызметімен халықтың ықыласына бөленіп жүрген өнерпаздарымыз жеткілікті.

Ал, сала ардагерлері жас келді деп жасымай, ұлт игілігі жолында

жоғары жауапкершілікпен мәдениет пен өнерге шынайы жанашырлық танытып келеді. Ардагерлерден құрылған топтар мен жеке орындаушылар аудан және облыс деңгейінде жыл он екі ай өтетін фестивальдар мен дәстүрлі байқауларға тұрақты қатысып жүр. Жетістіктері де көңіл қуантады. Бұл дегеніміз – өнерді жанына серік еткен жастарымызға өмірлік үлгі-өнеге. Халықтың рухани әлемін байытуға, ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық мәдениетті сақтау мен дамытуға үлес қосып жүрген аға буын өкілдері қандай құрметке де лайық.

Таяуда ғана ұлт руханиятының сақтаушылары атанған мәдениет мамандары Жамбыл аудандық мәдениет саласының ардагерлер кеңесін құрды. Алғашқы құрамына 25 адам енген бұл кеңестің төрағасы – ауданның халық театры ұжымын 43 жыл басқарған Әмірхан Қошманов, төраға орынбасары – мәдениет саласына қызметі сінген Бақыт Саршаев.

Әрине, мұндай бастаманы қашанда халық құптап, қолдайды. Кеңес мүшелеріне сенім артады. «Ел іші – өнер кеніші» деген, ендігі тілек: мәдениет пен өнер өрге баса берсін!

МІНДЕТТІ ӘЛЕУМЕТТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ

АЗАМАТТАРДЫҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ ШАҒЫМДАРЫН ҚАБЫЛДАУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2026 жылғы 13 наурыздағы №132 бұйрығымен 2020 жылғы 8 қазандағы №648 «Біртұтас медициналық аппараттық сап-орталығының қызметін ұйымдастыру ережелері мен оның регламентін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер енгізілді.

Бұл өзгерістер 1414 байланыс орталығы арқылы медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарды қабылдау функциясын алып тастау жолымен азаматтардың жеке деректерін қорғау деңгейін қамтамасыз ету және дәрігерлік құпияны сақтау талаптарын орындау мақсатында жүргізілді.

Азаматтар медициналық көмек сапасына қатысты шағымдарын келесі цифрлық қызметтер арқылы жолдай алады:

– әлеуметтік медициналық

сақтандыру қорының ресми сайты – msqory.kz;

– Qoldau 24/7 мобильдік қосымшасы.

Бұл ретте азаматтарға ТМККК және МӘМС жүйесі аясында медициналық көмек алу мәселелері бойынша консультациялар 1414 байланыс орталығы арқылы бұрынғы тәртіпте жүргізіледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жамбыл облысы бойынша филиалы.

Аудан әкімі аппараты, аудандық мәслихат аппараты, аудандық Қоғамдық кеңес, «Amanat» партиясы аудандық филиалы, аудандық ардагерлер кеңесі аудан әкімдігі қаржы бөлімінің басшысы Маржан Байгелдиге жолдасы

Байгелдиев Алматы Мақұлбекұлының мезгілсіз қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясы» ЖШС

Бас редактор:
Нұрасыл СҰЛТАНБАЕВ

Қабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей
байланыс: 87765549701

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ

Аружан КҮНТУБАЙ

Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Құрбанәлі Шахабай

Жұматай Көксубайұлы

Ғалия АЛИЕВА

87059774177

87002642761

87474240395

87788758489

87088419629

87075853423

Дизайнер-теруші:

Бас редактордың

орынбасары:

Тілшілер:

2-20-24

2-13-44

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде
07.10.2021 жылы қайта тіркелген.
Тіркеу куәлігі №КЗ87VPY00041240

Редакция авторлардың көзқарасы,
жарнама мазмұны үшін жауап
бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап
қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті
редакциясында компьютерде теріліп,
беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам
әлемі» ЖШС-нде жасалып, көбейтілді.
080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі 36 Б.

Таралымы 3058 Тапсырыс №252

Нөмірдің кезекшісі: Ильяс ҚАЛЫБЕКОВ

Газет аптасына 2 рет,
сәрсенбі, жұма күндері
шығады.
Газета выходит 2 раза в
неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.